

ШЖҚ «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» МКК-да
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау
мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспары»
Х А Т Т А М А С Ы № 1

Сарыағаш қ.

27.01.2025ж.

Жиналыс төрағасы: Б.Оспанов -
басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

Хатшы: Ж. Алманова - мамандар бөлімінің басшысы

Қатысқан қызметкерлер саны: 39

Күн тәртібінде:

- ШЖҚ «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» МКК-нің 2025 жылға бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспарына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ) бойынша ақпараттық түсіндірме жұмысы.

Төрағалық етуші Б.Оспанов: Құрметті әріптестер, барлығымызға белгілі елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіліп келеді.

Бүгінгі күні, заңнамалық актілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері айқындалып, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлері, сондай-ақ міндеттемелік шарттары белгіленіп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тартуға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіліп келеді.

Сондықтан, мекемемізде сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, онымен жаппай күресуіміз әрбіріміздің міндетіміз және азаматтық парызымыз, сонда ғана халық сеніміне ие болып, мемлекетіміздің болашағы жарқын болады дей келе, мекемемізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан іс-шаралар бойынша түсіндірме беру үшін мекеменің заңгері Н.Садырбайға сөз берді.

Мекеме заңгері - Н.Садырбай: Құрметті әріптестер, мекемемізде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы-іс қимыл агенттігі басшысымен бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру» жөніндегі әдістемелік ұсынымдары негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылып, қызмет жасайды.

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлықты болдырмау және онымен үнемі күресу бойынша мекемемізде тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылуда және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» үлгілік базалық бағытын іске асыру мақсатында

ШЖҚ «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» МКК-да
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау
мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспары»
Х А Т Т А М А С Ы № 2

Сарыағаш қ.

24.02.2025ж.

Жиналыс төрағасы: Б.Оспанов -
басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

Хатшы: Ж. Алманова - мамандар бөлімінің басшысы

Қатысқан қызметкерлер саны: 42

Күн тәртібінде:

- ШЖҚ «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» МКК-нің 2025 жылға бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспарына сай «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» (2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ) (ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқтала отырып) бойынша ақпараттық түсіндірме жұмысы.

Төрағалық етуші Б.Оспанов: Құрметті бүгінгі жиынға қатысушылар, өздеріңізге белгілі біздің кәсіпорнымызда бекітілген жоспарға сәйкес үздіксіз құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Осыған орай, бүгінгі жиналыстың тақырыбы өте маңызды екенін ескеріп, айтылған құқықтық нормаларды терең ұғынып, күнделікті жұмыста заң бұзушылықтарға жол бермеуді ескерте келіп, тақырып бойынша түсіндірме беру үшін кәсіпорынның заңгері Н.Садырбайға сөз берді.

Кәсіпорын заңгері - Н.Садырбай: Құрметті әріптестер, ия өздеріңізге белгілі кәсіпорнымызда «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру» жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылып, жұмыс жасайды.

Бұл қызметтің негізгі міндеттерінің бірі квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты, бүгінгі жиналыста Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің кейбір нормаларын түсіндіріп өтуді жөн санап отырмыз.

Қылмыстық кодекстің 2-бабының 1-тармағында - Қылмыстық кодекстің міндеттері яғни, адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің

заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

Кодекстің 4-бабында - қылмыстық жауаптылықтың негізі, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады.

Кодекстің 10-бабында: Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай **қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар** болып бөлінеді.

2. Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) **қылмыс деп танылады.**

Мысалы, Қылмыстық кодекстің 189-бабы (*Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу*) 1-бөлігі яғни, кінәліге сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, яғни жымқыру. Бұл қылмыс бойынша мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны көрсетілген.

Ал, 190-бабы (*Алаяқтық*) 1-бөлігі, алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену. Бұл қылмыс бойынша мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалау көзделген.

Яғни, Кодекстің 4-бабында көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылатындығын түсінуіміз қажет.

Сондықтан, барлығымыз күнделікті жұмыс барысында тиісті салалық заңнамалық актілерді қатаң басшылыққа алып, оның ішінде бюджеттік жоспарлау және үнемдеу, мемлекеттік сатып алу, кадр жұмысы, халыққа медициналық қызмет көрсету және т.б. жұмыс жасауды қолға алуды қажет.

Қорытындыда: Күн тәртібіндегі тақырып жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Б.Оспанов жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Б.Оспанов

Ж.Алманова

ШЖҚ «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» МКК-да
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау
мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспары»
Х А Т Т А М А С Ы № 3

Сарыағаш қ.

11.03.2025ж.

Жиналыс төрағасы: Б.Оспанов -
басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

Хатшы: Ж. Алманова - мамандар бөлімінің басшысы

Қатысқан қызметкерлер саны: 36

Күн тәртібінде:

- ШЖҚ «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» МКК-нің 2025 жылға бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ) (Қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделгендігі туралы түсіндіру) түсіндірме жұмысы.

Төрағалық етуші Б.Оспанов: Құрметті бүгінгі жиынға қатысушылар, өздеріңізге белгілі біздің кәсіпорнымызда бекітілген жоспарға сәйкес құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы-іс қимыл агенттігі басшысымен бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру» жөніндегі әдістемелік ұсыным негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылып, тиісті жұмыстар жүргізіп келеді.

Осыған байланысты, бүгінгі жиналыстың тақырыбы өте маңызды екенін ескеріп, айтылған құқықтық нормаларды терең ұғынып, күнделікті жұмыста заң бұзушылықтарға жол бермеуді ескерте келіп, тақырып бойынша түсіндірме беру үшін кәсіпорынның заңгері Н.Садырбайға сөз берді.

Кәсіпорын заңгері - Н.Садырбай: Құрметті әріптестер, ия өздеріңізге белгілі кәсіпорнымызда «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру» жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылған. Бұл қызметтің негізгі міндеттерінің бірі квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты, бүгінгі жиналыста Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің кейбір нормаларна түсіндіріп өтуді жөн санап отырмыз.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің:

2-бабы; Әкімшілік жауаптылықтың негізі:

Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекет жасау әкімшілік жауаптылықтың негізі болып табылады.

Ал, кодекстің 25-бабы; Әкімшілік құқық бұзушылық:

1. Осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

2. Осы Кодекстің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін, егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды.

Кодекстің 28-бабы; Әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғалар:

1) әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға;

2) заңды тұлға жатады.

Кодекстің 30-бабы; Лауазымды адамдардың әкімшілік жауаптылығы:

Лауазымды адам өз қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мұндай мән-жай болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі лауазымды адам жалпы негіздерде жауаптылыққа жатады.

Сонымен қатар, Кодекстің 34-тарауында (Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) яғни, 676-бабы (Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі), 677-бабы (Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы), 678-бабы (Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі), 679-бабы (Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы), 680-бабы (Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы) және 681-бабы (Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау) сыбайлас жемқорлық санатындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықтар көзделген.

Сондықтан, барлығымыз күнделікті жұмыс барысында тиісті салалық заңнамалық актілерді қатаң басшылыққа алып, оның ішінде бюджеттік жоспарлау және үнемдеу, мемлекеттік сатып алу, кадр жұмысы, халыққа медициналық қызмет көрсету және т.б. жұмыс жасау қажет.

Қорытындыда: Күн тәртібіндегі тақырып жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Б.Е.Оспанов жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Б.Оспанов

Ж.Алманова